

Н.Қ. Шалғынбай<sup>1\*</sup>, Қ.К. Кенжалин<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: [shalgynbai\\_nurbek@list.ru](mailto:shalgynbai_nurbek@list.ru), [k.kenzhalin@gmail.com](mailto:k.kenzhalin@gmail.com))

## Мәмлүк қыпшақтары тілінің лексикасын оқытудың әдістемелік-теориялық негіздері

Қазақ тілінің ұзақ уақыттық даму тарихы бар. Тіліміздің қалыптасу және даму тарихынан қыпшақ кезеңі маңызды орын алады. Қыпшақ тілі — орта ғасырларда Еуразияда кеңінен қолданылған тарихи тіл. Қазақ тілінің осы қыпшақ тілі негізінде қалыптасқандығын дәлелдейтін қарапайым қыры — лексикалық қоры. Қазіргі таңда қазақ лингвистикасы тіл тарихындағы осы қыпшақ кезеңіне назар аудара бастады. Қыпшақ жазба мәтіндері әртүрлі географиялық аумақта әртүрлі графикамен сақталып қалды. Ол қыпшақтардың тарихи, мәдени, әскери, экономикалық ықпалымен тығыз байланысты болды. Тарихи себептермен қоныс аударған қыпшақтар жергілікті мекендерде ықпалға ие болып, қыпшақ тілінде еңбектер, шығармалар жазыла бастады. Қыпшақ тіліне аударма жасалған туындылар да сақталған. Олардың басым көпшілігі мәмлүк қыпшақтары үстемдік еткен Мысыр жерінде жарық көрген. Мазмұны жағынан түрлі тақырыптарды қамтыған. Араб тілінің графикасымен берілген. Қазақ тіл білімінде қыпшақтарға қатысты жазба ескерткіштерді жүйелеу, аударма жасау, талдау жүргізу жұмыстары іске асырылып келеді. Зерттеу жұмыстары ұзақ уақыт пен кең ауқымды қамтығанымен, қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер түгел зерттелген жоқ. Кей жазба мұралар толық зерттелсе, кейбірі мақалалар мен шолулар көлемінде ғана қарастырылған. Жазба мұралардың бір тобының аты аталып, зерттеу жасалмағандары және аты белгілі болғанымен табылмағандары да кездеседі. Оларды зерттеу нысаны ретінде алу қазақ әдеби тілінің тарихын деректермен толықтырады. Қазақ лингвистикасымен айналысатын болашақ мамандарға, жоғары мектепте элективті курстар ретінде білім алушыларға оқытудың ғылыми-танымдық маңыздылығы артып келеді. Тіл оқытуда қазақ тілі құрылымдық-лингвистикалық аспектіде ғана қарастырылып келді. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер қазақ тілінің тарихи фонетикалық, грамматикалық және лексикалық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді. Араб жазуымен сақталған қыпшақ ескерткіштерінің лексикасын оқытуда бірнеше өзекті мәселе бар. Бұл мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп, араб жазуындағы қыпшақ лексикасы ғылыми қауымға таныстырылуы тиіс. Қыпшақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігі қазақ тілінде сақталған. Қыпшақ тілі қазақ тілінің тарихи негізі ғана емес, оның қалыптасуындағы басты фактор. Аталған тақырыптың өзектілігін негіздей отырып, мақалада тарихи мәтіндердің лексикасын жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарына және мектеп оқушыларына элективті курс ретінде танытудың әдістемелік-теориялық негіздері талданады. Алынған нәтижелер бойынша ұсыныстар беріліп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған.

*Кілт сөздер:* қыпшақ тілі, қыпшақ жазба ескерткіштері, лексика, тарихи лексика, араб жазуындағы тарихи мәтіндер, оқыту әдістемесі, элективті курс, қазіргі қазақ тілі.

### *Kipicne*

Қазақ халқының және қазақ тілінің бастауы түркі заманынан бастауын алып, орта ғасырларда қыпшақтар қауымдастығымен жалғасын табады. Қыпшақ халықтарының тілі, мәдениеті, тарихы туралы соңғы уақытта жарық көріп жатқан еңбектер қыпшақтануды түркітанудан бөліп қарауға негіз бола алады. Қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болып қала береді. Дегенмен зерттеу бағыты мен бағдары ерекшеленеді. Қыпшақтану — далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, тілін, этнографиясын, мәдениетін және тағы басқа қырларын тұтас зерттеуді мақсат етеді [1; 152]. Осы ғылыми пән қазақ тіл білімінде ғылыми тұрғыдан толық қалыптаспады деуге болады. Дегенмен дәуірлеу, жүйелеу жұмыстары жүріп, кейбір ескерткіштердің мазмұны ғылымға белгілі.

Қыпшақтар Еуразияның басым бөлігіне әсер етіп, олардың ықпалы тарихта қалды. Қыпшақ тіліне қатысты еңбектер мен жазба ескерткіштер көп. Олардың жазылу себептері де аз емес. Қыпшақтарға қатысты мәдени ескерткіштер белгілі бір орталықтарда, аймақтарда сол жерге лайық туып отырды. Содан кейін ғылыми әдебиеттерде шартты түрде сол жерлерді ескерткіштердің

\* Хат-хабар үшін автор.e-mail: [shalgynbai\\_nurbek@list.ru](mailto:shalgynbai_nurbek@list.ru)

орталығы етіп белгіледі. Зерттеуші ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов қыпшақ ескерткіштерін қандай жазумен жазылғандығын негіздей отырып жіктеу жасаған. Олар:

- 1) XIII-XIV ғасырларға қатысты ежелгі готикалық көне шриптімен жазылған ескерткіштер;
- 2) XI-XIV ғасырларға тиесілі араб әліпбиімен жазылған ескерткіштер;
- 3) XV-XVI ғасырларға қатысты армян жазуларымен берілген ескерткіштер;
- 4) XI-XIII ғасырларға қатысты орыс әрпімен берілген ескерткіштер;

5) Еуропаның шығыс бөлігінде орналасқан халықтардың тілдерінде сақталған, сол елдердің жазуымен беріліп жүрген әр деңгейдегі материалдар, кісі аттары, жер-су атаулары және тағы басқа сөздер [2; 45];

Зерттеуші ғалым М.Б. Сабыр қыпшақ тілінде жазылған еңбектерді саралай келе, екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Олар:

- 1) Көне қыпшақ ауызекі сөйлеу тілінде жазылған ескерткіштер;
- 2) Көне қыпшақ жазба ескерткіштері [1; 154];

Ғалым осы бөлініс негізінде «Кодекс Куманикус», «Терджуман турки уа араби», «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак», «Китаб ат-туһба аз-закия фи луғат ат-туркийя», «Китаб-бұлғат әл-муштақ фи-луғат ат-түрік вал-қыпшақ», «Әл-каванин әл-күллия ли-дабт әл-луғат ат-түркия», «Китаб ад-дурра ал-мудия фил-луғат ат-түркия алат-тамам вал-камал», «Аш-Шудур ад-даһабия вал-қита ал-ахмадия фил-луғат ат-түркия» еңбектерін қыпшақтың ауызекі тілінде жазылған еңбектер тобына енгізеді. Қыпшақ жазба ескерткіштері ретінде «Хұсрау мен Шырын», «Гүлстан бит-түрки», «Мұхаббат наме» туындыларын атайды [1; 154]. Атап өтілген жіктеуге назар аударсақ, олардың басым көпшілігі араб жазуымен жазылып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Оларды саралау, зерттеу, таныту қазіргі қазақ лингвистикасының негізгі — міндеттерінің бірі. Оны шешу үшін ғылыми ортада танылған ғылыми әдебиеттер мен қолданыстағы нәтижелерді саралап, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштерін оқытудың әдістемелік-теориялық негіздерін қалыптастыру қажет.

#### *Әдістер мен материалдар*

Қыпшақ тілін зерттеу түркітану, этнология, мәдениеттану, тарих, лингвистика салалары үшін маңызды. Мұндай зерттеулер тілдік жүйе тұрғысынан ғана емес, ұлтымыздың даму тарихын түсіндіре алады. Қыпшақ тілі — Еуразияда кең қолданыста болған көне тіл. Оны талдау арқылы түркі тілдерінің дамуын, орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілін, қазақ тілінің тарихи дамуы мен қалыптасуын, қазіргі қазақ тілі мен ескі қыпшақ тілінің байланысын сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл кезеңнің негізгі мұралары араб жазуымен сақталып отыр. Соның ішіндегі араб жазулы мәмлүк қыпшақтарының жазба мұралары тілдік және мәдени құнды деректер. XIII-XIV ғасырлардағы Мысыр мен Сирия жерлері қыпшақтардың тарихи отаны болмағанымен, олардың ықпал ету аймағына еніп, қыпшақ жазба мұраларының жарияланған негізгі ошақтардың біріне айналғаны белгілі болып отыр. Қыпшақ мұраларын түгел танымай, қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуын толық түсіндіру мүмкін емес. Мәмлүк қыпшақтары тіліне толық зерттеу жүргізілген жоқ. Дегенмен сақталған жазба ескерткіштер, сөздіктер, мәтіндер, шығармалар, ғылыми еңбектер негізінде талдаулар жасалып, теориялық, әдістемелік негіздері қалана бастады. Зерттеу жұмысында мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштеріне ғылыми зерттеулер арнаған Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, М. Сабыр, С.Ж. Құдасов, Е. Есбосынов, А.Н. Гаркавец сияқты ғалымдардың жіктелімдері, анықтамалықтары, сөздік үлгілері, талдаулары, ғылыми пікірлері негізге алынады. Мақалада сипаттамалы әдіс, лингводидактикалық әдіс, топтастыру әдісі, салыстырмалы тарихи әдіс қолданылады.

#### *Нәтижелер мен оларды талдау*

Тіл этностың генеалогиясымен, тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен, салт-санасымен тығыз байланыста дамиды. Түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі де жылдар бойы дамып, өзара түркі тілдерінің ішінде және өзге жүйедегі тілдермен қарым-қатынаста бола отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Бір ұлттың немесе оның тілінің қалыптасуы бір кезеңде ғана іске аспайды. Қазақ тілінің толық қалыптасып бітуі мыңдаған жылдар шеңберін қамтиды. Тіл тарихын оқытуда негізге алынып жүрген басты дәуірлеудің бірін ұсынсақ:

1. Алтай дәуірі (б.з.д. III ғасырға дейін).
2. Хун дәуірі (б.з.д. III ғасыр — б.з. V ғасыр).
3. Көне түркі дәуірі (V-X ғасырлар аралығы).
4. Орта түркі дәуірі (X-XV ғасырлар аралығы).

5. Жаңа түркі дәуірі (XV-XX ғасырлар аралығы).

6. Қазіргі дәуір (1917 жылдан бері қарайғы кезең).

X-XV ғасырлар аралығы тіл тарихында түркі тілдерінің дамуындағы отра түркі дәуірі түркі халықтарының жеке-жеке халық болып қалыптаса бастауымен, өзіндік ерекшеліктері анық көрінуімен сипатталады. Осы кезеңде қалыптасқан және мол жаза ескерткіштер қалдырған қыпшақ тілі жөнінде әлі күнге дейін толық шолу жасалмай келеді деп есептейміз. Ғылыми еңбектерде осы кезеңнің туындылары ретінде Қарахан әулеті жазбалары, Орта Азия түркілерінің тілі, шағатай тіліндегі ескерткіштер аталады. Мұның бәрі араб жазуы екенін айта кетуіміз керек. Ал араб жазуы қыпшақ мұралары ретінде Мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері деп толық айтылмайды. Олардың атауы ғана беріліп, лексикасы танылмай келеді. Бұл кезеңнің тіл тарихынан алатын орны ғылыми негізделуі тиіс. Жекелеген ескерткіштер ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, ғылыми еңбектер жазыла бастады. Тіл мамандарына аталған дәуір туындыларын, лексикасын меңгертудің теориялық-әдістемелік негізін жасау маңызды қадам болып отыр.

XIII-XIV ғасырлардағы араб әріптерімен жазылған мәмлүк қыпшақтарының тіліне келер болсақ, осы кезеңде Сирия мен Мысыр елдерін мекендеп, билікке қол жеткізген қыпшақтар жергілікті халықтың саяси-әлеуметтік, ғылыми-мәдени өміріне ықпал етті. Қыпшақтардан шыққан сұлтандар өз ана тілінде сөйлейтін, басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін [2; 53]. Осы себептерге байланысты орталық сарай билігі қыпшақ тілінде жазды және сөйледі. Сондықтан мәмлүк қыпшақтары тілі ауызекі сөйлеу тілі ғана емес, жазба тіл болды. Араб ғалымдары өз халқының мүддесіне сәйкес, қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатымен сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, анықтамалар, талдаулар жазды [2; 53].

Орта ғасырлардағы қыпшақ әдеби тілін танытатын еңбектерді лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу керек. Көне қыпшақ тілін негізінен қыпшақ тілдері тобына жататын жеке тілдермен салыстыра зерттей келе, қыпшақ тілінің қазіргі мұрагерін анықтау да маңызды мәселе. Соңғы зерттеулердің нәтижесіне сәйкес көне қыпшақ тілі қазіргі қазақ тілінің тарихи негізі екені тұжырымдалып келеді.

Қазақ тілі білімі тарихында мәмлүк қыпшақтарының тілін бүгінгі күнде оқыту өзекті мәселе деп санаймыз. Сонымен қоса бұл күрделі ғылыми мәселе екеніне назар аударуымыз қажет. Бұл тіл қолданыстағы тіл емес, XIII-XIV ғасырлардағы мәмлүктер билік еткен Сирия мен Мысырда қолданыста болған қыпшақ тілінің тарихи нұсқасы болып отыр. Оны қазіргі кезде оқытудың бірнеше әдістемелік және практикалық қырларын қарастыруға болады. Қазақ ғылымындағы қыпшақтану бойынша жасалған, тарихи қыпшақ тілін оқыту әдістемесіне пайдалануға болатын еңбектерге шолу жасауымыз керек. Мысалы, С.Ж. Құдасовтың «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші. “Дана Хикар сөзінің» тілі”» еңбегінде ескерткіш тілі қазіргі қазақ графикасымен транскрипцияланып, қыпшақша-қазақша сөздік берілген. Мұндай еңбектер тарихи лексиканы танытудың бірден бір жолы болып отыр.

Ғалым Е. Есбосынов «Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері» атты көмекші оқу құралында «Әл-идрак» — «Түркілер тілінің інжу-маржандары кітабы» ескерткіш мәтінінің сөздігі жасаған. Сонымен қоса ескерткіш тілінде қолданылған грамматика терминдерінің арабша-қазақша сөздігін қоса берген. Бұл еңбек тарихи тұрғыдан алғанда өз заманының әдістемелік жетістігі деп бағаланады. Мәтін лексикасын сөздік негізінде таныту бар тәжірибе болғанымен, оның терминдерінің қарастырылуы лексика тұрғысынан ғана емес, тіл оқыту әдістемесі мен терминжасамның үлгілерін көрсете алады.

М. Сабыр «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» атты еңбегінде қыпшақ жазба ескерткіштері лексикасын үш топқа бөліп қарастырады. Олар: табиғат пен жануарлар әлемі лексикасы, адам әлемі лексикасы, материалдық мәдениет лексикасы. Бұл жіктеу үлгісі қыпшақ тілінің лексикасын оқытуда ұтымды деп есептейміз. Мұндай жіктеу үлгісі қазіргі қазақ тілінің лексикасын оқытуда, этнолингвистиканы оқытуда қолданылып жатқанын айта кетуіміз қажет.

Сондай-ақ ғалым А.Н. Гаркавец ғылымға белгісіз болып келген «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» ескерткішінің лексикалық ерекшелігін тану үшін іргелі еңбек арнады. А.Н. Гаркавецтің соңғы басылымына сүйене отырып, «Китаби-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегінің негізгі тарауларын баяндауға болады. Аталған қолжазба негізгі төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауы — зат есім. Екінші тарауында етістік атаулары мен қалау райы берілген. Үшінші тарауында етістіктер мен есім сөздер қамтылған. Төртінші тарауында сөздердің айтылуы, яғни ең қажетті практикалық бөлімі берілген. Жинақтай айтсақ, осы еңбекте мағыналық-

тақырыптық тұрғыдан мәмлүк қыпшақтарының сөздері жинақталған. Сондай-ақ автордың «Кыпчакское письменное наследие» атты еңбегінде армян жазуы негізінде қыпшақ сөздігі жасалған болатын. Бұл сөздіктің ерекшелігі түсіндірмелі сөздік ретінде орыс тілінде ұсынылуында. Араб немесе армян жазуы болсын, қыпшақ тілінің толықтай қазақ тіліндегі түсіндірмелі сөздігінің жасалуына бұл еңбек алғышарт бола алады деп есептейміз.

Түркі лексикологиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жекелеген тілдерді синхрондық тұрғыдан да, диахрондық тұрғыдан да кешенді зерттеуге алу болып отыр [3; 238]. Қазіргі қазақ тілінің тарихи сөздік қоры ұлттың тарихымен байланысты. Қазақ тілі қазіргі қыпшақ тілдері тобынан орын алып отыр. Қазақ тілінің қыпшақтық лексикасының сілемдерін қыпшақ тіліне тікелей қатысты орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінен іздеген жөн [3; 239]. Осы орайда мәмлүк қыпшақтары тілінің маңыздылығы арта түседі. Себебі сақталған жазба ескерткіштер анағұрлым көп.

Тарихи лексикологияның басты объектісі жекелеген сөздер. Әр сөздің тарихында этнос өмірі бар [3; 238]. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштерге қатысты түрлі ғылыми пікірлер бар. Оларда таза қыпшақ тілінің лексикасы емес, оғыз диалектісі қатар жүретінін ескертеді. Дегенмен жекелеген талдаулар оғыз диалектісін ажыратып, қыпшақ сөздерін және олардың семантикасын таныта алады. Жазба мұрағаттар лексикасын зерделей қарасақ, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз [3; 240]. Бұл әдетте қыпшақ тілінің қазіргі қазақ тілінің арғы тегі екендігімен түсіндіріледі.

Орта ғасырлық қолжазбаларда қыпшақ тілі деп аталатын бұл тіл — қазіргі қыпшақ тілдері тобына жатқызылып жүрген татар, қарақалпақ, құмық, башқұрт, оның ішінде қазақ тілі де бар — өз алдына жеке ұлт, халық тілі болып қалыптасуына негізгі ұйытқы болды [4; 7]. Мәмлүк қыпшақтары тіліне жасалған талдаулар да мұны дәлелдейді. Бүгінгі тұрғыдан бұл тілдік жүйені көне қыпшақ тілі деп танымыз. Кейінгі қазақ хандығы тұсында көне қазақ тіліне негіз болған осы көне қыпшақ тілі [5; 100].

XIV ғасыр жазба мұраларының тілін көне қыпшақ тілі термині аясында қарастыра отырып, тұтас тілдік жүйе ретінде олардың лексикасын қазақ тілі лексикасымен сабақтастығын зерттеу маңызды іс [5; 80]. Сол үшін де аталған тарихи жазба ескерткіштері тіл білімі саласында мамандарға арнайы оқытылуы керек деп есептейміз. Мәмлүк қыпшақтары тілінің сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады [6; 24]. Ұлттық корпуста берілетін этномәдени атаулардың мазмұнын ашуда да көрсетілген зерттеулердің нәтижесі мен тұжырымдары ғылыми-әдістемелік негіз ретінде пайдаланылады [7; 171]. Халықтың этникалық қалыптасу тарихы мен сол халық сөйлейтін тілдің тарихы өзектесіп, бірге өріледі [8; 29]. Сондықтан ғылым тұрғыдан қазіргі қазақ тілін сол мұралардың мұрагері ретінде қарастыруға болады деп есептейміз.

Аталған ғылыми еңбектерге негіздей отырып, мәмлүк қыпшақ жазбаларын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің болашақ мамандарының түсіну және талдай білу деңгейін зерттеу мақсатында 2025 жылдың 7 сәуірі мен 18 сәуірі аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі 6В01700 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша 4-курстың 54 студентімен мәтін талдау жұмыстары жүргізілді. Алдын ала сынақ үшін мәтіндер және қорытынды сынақ үшін мәтін талдау жұмыстары орындалды. Қыпшақ тіліндегі грамматикалық категориялардың қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда лексикалық қор тұрғысынан ол қазіргі қазақ тіліне жақын [9; 219]. Сөздердің тарихын сипаттау олардың мағыналарының эволюциясын қарастыру деген сөз [10; 182]. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелеріне қазақ елінің этногенезі мен глоттогенезі жатады [11; 439]. Талдау барысында мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері «Гүлістан бит-түрки», «Мүнийетүл-гүзат» мәтіндерінен 8 үзінді алынды. Жұмыс барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, филологиялық талдау, контекстік талдау, тарихи-контекстік талдау және транскрипция әдістері қолданылды.

1 - к е с т е

## Студенттердің мәтінді талдап түсіну деңгейінің көрсеткіштері

Қатысушылар	Алдын ала сынақ нәтижесі	Қорытынды сынақ нәтижесі	Айырмашылығы
I топ	34 %	63 %	29 %
II топ	39 %	67 %	28 %

Нәтижелер алғашқы сынақта түсіну деңгейін төмен көрсеткенімен, мәтінді талдау барысы мен сөздік құрастыру, қазіргі қазақ тілімен салыстыра талдау нәтижесінде қорытынды сынақта тарихи мәтін лексикасын түсіну көрсеткіші жоғарылады.

Қазақ тілі мамандары үшін араб графикасын білудің маңызы зор екені белгілі. Тек тілдік емес, тарихи, мәдени, ғылыми тұрғыдан араб графикасы елеулі орын алады. Қазақтардың жазу тілінің тарихи бір кезеңі осы графикамен байланысты. Ал нақты тілдік зерттеулер үшін араб графикасын меңгеру мамандар үшін не береді деген сұраққа жауап берсек, оның маңызы ашыла түседі. Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштерінде араб графикасымен таңбаланған қазақ тілінің ескі сөздік қоры, оның лексикалық ерекшелігі, фонетикалық, морфологиялық өзгешеліктері сақталған. Араб жазулы ескерткіштер лингвистер үшін тілдің даму эволюциясын зерттеуге негізгі дереккөздердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезде қазақ халқы ғана емес, тіл мамандары да араб тіліндегі жазуларды оқи алмайды. Мұның өзіндік себептері бар. Кеңестік саясат, жазу реформалары, мәдени үзіліс, маман тапшылығы және тағы басқалары. Жоғары оқу орындарында да мамандар үшін араб жазуы оқытылмайды, оны білетін филологтар аз, транскрипция жасайтын ғалымдар жоқ. Кей еңбектерде ескерткіш тілін оқыту әдістемесі үшін араб тіліндегі жазуды латын немесе кирилл әріптермен қатар ұсынып келеді. Бұл мәселені шешудің жолы бола алмайды деп ойлаймыз. Сол үшін де Мәмлүк мемлекеті тұсында туған әдеби шығармаларды тіл білімі әрі әдебиеттану тұрғысынан зерттеуде түркиялық ғалымдар елеулі еңбек етті [12; 9]. Ал қазақ тіл біліміндегі өзектілігі сақталуда. Мұндай тарихи мәтіндердің танылуы тек тіл білімінің ғана емес, басқа да іргелі ғылымдардың дамуына септігін тигізеді. Мысалы, Қ. Сәки тарихи зерттеулерінің кілттік сөздері ретінде қыпшақтар билік еткен мәмлүктер елінде қолданылған сөздер мен ұғымдардың мағынасын ашу үшін шағын түсіндірме сөздік құрастырған [13; 447]. Сол үшін ғалым А.Н. Гаркавецтің «Китаб-и Маджму-и Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси» (Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси) еңбегін әдістемелік тұрғыдан үлгіге алып, қыпшақ тілінің сөздігін құрастыру қажет деп есептейміз [14]. Ал оның ішкі мазмұнын жүйелеуде ғалым Ә. Қайдардың адам, қоғам, табиғат жіктеліміне негіздеу қажет деп білеміз [15]. Бұл аталған мәселелерді шешуде көмектеседі.

Зерттеу жүргізудегі маңызды қадамдардың бірі — ескерткіштердегі араб графикасымен жазылған мәтіндерді латын графикасына транслитерациялау. Қыпшақ мұраларының араб жазулы болуы ғалымдардың топтастыруы бойынша ең көлемді бөлікті иеленген [16]. Яғни араб жазба жүйесінің белгілерін латын жазба жүйесінің белгілері арқылы беру қажет. Бұл тілдік тұрғыдан басты ғылыми қадам. Ескерткіштер тілін оқытуда жаңа буынға түсінікті студенттің жалғыз жолы. Себебі араб жазуымен сақталған баспалар, кітаптар, қолжазба деректер қазіргі ұрпақ үшін беймәлім немесе қиын оқылатын дереккөз екенін түсінуіміз керек. Латын графикасына транслитерациялау арқылы білім алушылар мен заманауи ізденушілерге қолжетімді ете аламыз. Біздің жағдайымызда араб жазулы қыпшақ мәтіндері архив пен музейлерде, жеке қорларда жабық күйінде, кейбір тобы ғылымға белгісіз күйде жатыр. Латын транслитерациясы көмегімен олар оңай оқылып, зерттеле бастайды. Цифрландыруға, қазіргі түркі тілдеріне аударма жасауға икемді бола түседі. Мұның бәрі ескерткіштердің ғылыми айналымға енуіне мүмкіндік береді. Осының негізінде жоғары оқу орындарында 6В01700 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша «қыпшақтану» арнайы курсы енгізуді ұсынамыз. Қазіргі тіл білімінде тілді мәдениетпен, этноспен, саясатпен, таныммен байланыстыра зерттеу маңызды болса, тарихи тіл білімінде жазба мұралар тілін зерделеу ісі өзекті әрі қажетті болып отыр [17; 85]. Бұл курс қазақ лингвистикасы мамандарының кәсіби құзыреттілігін кеңейте алады.

Сонымен қатар тарихи лексиканы түсіну деңгейін студенттер арасында зерттегенде мәмлүк қыпшақ тілінің лексикасын 3 сатыда қарастыруға болатындығына көз жеткіздік. Мәмлүк қыпшақтарының тарихи лексикасын мынадай топтарда қарастыруға болады: 1) мағынасы сақталған сөздер; 2) мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған сөздер; 3) қазіргі лексикада сақталмаған сөздер. Бұл нәтижеге көз жеткізу үшін ғалымдардың этнолингвистика саласында өнімділік берген індетте зерттеу әдісін таңдауымыз керек [18].

Аталған тарихи мәтіндер лексикасына қатысты мектеп оқушыларына элективті курс жасауды жасауды маңызды деп санаймыз. Мұндай авторлық бағдарламалар оқушылардың тілдік, тарихи және мәдени жадын тереңдетіп, ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауына септігін тигізеді. Ол бірнеше бағытта оқушыларға танымдық тұрғыдан әсер етеді:

1. Мектеп бағдарламасында кездесетін кітаби сөздер, көне сөздер, араб-парсы тілінен енген сөздерді түсіне алуына жол ашады.

2. Тарихи мәтіндер тек тілдік ғана емес, тарихи дереккөз болғандықтан, оқушының тарихи санасын қалыптастырады.

3. Ұлттық құндылықтар мен ұлттық рухани мәдениет танылады.

4. Шығармашылық жұмыс түрлері (мағынасы көмескі сөздерді зерттеу, аударма жасау, сөздік құрастыру, карточкалар жасау, ғылыми жоба жазу) дамиды.

5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы астарлы ойды тану, контексті түсіну, интерпретация жасау дағдылары негізінде артады.

Осы көрсеткіштерді негіздей отырып, «Тарихи мәтіндердің лексикалық сыры» атты 10-11 сынып оқушыларына элективті курс ретінде қарастырылған авторлық бағдарламаны ұсынамыз. Бағдарламаның негізгі мақсаты оқушыларға тарихи жазба ескерткіштегі лексикалық қабатты таныстыра отырып, қазақ тілінің даму тарихын түсіндіру, тарихи сөздердің мағынасын ашу, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Бағдарлама қазақ тілінің тарихи кезеңіндегі мәмлүк қыпшақтары ескерткіштерін танытуға арналған алғашқы факультатив курстардың бірі саналады. Бағдарлама мазмұнында «Гүлістан бит түрки» және «Мүңнетұл-гүзат» туындылары жан-жақты талданады. Бұл шығармалар танымдық тұрғыдан да құнды болып, адамгершілік, ізгілік, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімді өз ішіне алады.


Бағдарламаның құрылымы:

I бөлім. Теориялық ақпарат (8 сағат). Бұл тарауда мәмлүк дәуірінің саяси-мәдени тарихы, қыпшақ мұраларының қазақ халқындағы рөлі, негізгі жазба ескерткіштердің зерттелуі қарастырылады.

II бөлім. «Гүлістан бит-түрки» (9 сағат). Сайф ас-Сарайдың шығармасы тілдік тұрғыдан зерттеледі. Адам, жануар, табиғат, материалдық және рухани әлемге қатысты лексика талданады.

III бөлім. «Мүңнетұл-гүзат» (9 сағат). Әскери-әкімшілік тақырыбындағы ұлттық мазмұн, құрылым, әскери және әкімшілік терминдер жүйесі беріледі.

IV бөлім. Шығармашылық жұмыс және қорытынды (8 сағат). Мәтіндік талдау, тарихи сөздіктер жасау, екі еңбекті салыстыру, картотека құрастыру жүргізіледі. Қайталау, тест тапсырмалары және жоба қорғау арқылы оқушының жалпы білім деңгейі бағаланады. Әр бөлім аяқталған соң, оқушылардың білімін бекіту мақсатында қысқаша қорытынды жасалады. Мәліметтер мен тапсырмаларды ұсынуда QR қолданылды. Бұл интерактивті оқытуға, уақытты үнемдеп, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Оларды төмендегі 1-суреттен көруге болады.



1-сурет. «Тарихи мәтіндердің лексикалық сыры» бағдарламасы бойынша сабақтарда қолданылған, сандық құралдарда берілген мәліметтер үлгісі.

Авторлық бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелер:

- мәмлүк дәуірінің тарихи-мәдени жағдайын меңгереді;
- негізгі жазба мұралардың мазмұны мен ерекшеліктерін біледі;
- тарихи мәтіндердегі лексикалық қабаттарды саралайды;
- тарихи және қазіргі қазақ тіліндегі ұғымдардың сабақтастығын түсінеді;
- ғылыми талдау элементтерін қолдана алады.

Аталған авторлық бағдарлама Астана қаласы әкімдігінің Б. Алтынсарин атындағы № 83 мектеп-гимназиясында 2024-2025 оқу жылында 10-11 сыныптар арасында апробациядан өткізіліп, мониторинг жасалды. Қатысушы оқушылар саны — 58. Мектеп оқушылары төмендегідей сапа көрсетті (2-кесте):

## 10-11 сынып оқушыларының оқу сапасының нәтижелері

Қатысушылар	2024-2025 жж. соңы қыркүйек айы	2024-2025 жж. соңы мамыр айы	Айырмашылығы
10 Б	77 %	92 %	15 %
11 Б	80 %	92 %	12 %

«Тарихи мәтіндердің лексикалық сыры» атты бұл вариативті бағдарлама қазіргі білім беру жүйесінде өзекті орынға ие. Бағдарламаның өзектілігі — ұлттық тарихи жадты сақтап, жас ұрпақтың тілдік-мәдени дүниетанымын тереңдету, тарихи мәтіндер арқылы тілді жаңа қырынан меңгертуде жатыр. Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік басымдықтарымен бағдарлама толық үйлеседі: «Толық адам» идеясы, «Біртұтас тәрбие», «Жаңа гуманитарлық білім» жобалары шеңберінде тарихи мұраға жаңаша көзқарас қалыптастыру көзделген.

Бағдарлама әлемдік білім беру трендтерімен де тығыз байланысты. Сонымен қатар ғылымда тарихи мәтіндерді лингвомәдени, когнитивтік, прагматикалық тұрғыдан зерттеу жаһандық ғылыми бағыт болып отыр. Бұл курс оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдысын қалыптастырып, мәдени ортаға бейімдейді.

Жұмыс нәтижелі аяқталып, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Сараптамалық кеңесінің 2025 жылдың 23 желтоқсан күнгі №3 хаттамасы негізінде «Тарихи мәтіндердің лексикалық сыры» вариативті компонент бойынша білім беру бағдарламасын қала деңгейінде таратуға шешім қабылданды.

*Қорытынды*

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде мәмлүктер көне түркі халықтырының бірі ретінде түсіндірілген [19; 302]. Мәмлүк сөзінің мән-мағынасына келетін болсақ, қазақ тіліндегі көнерген сөздердің түсіндірме сөздігінде ақ құл, мемлекеттің құлы деген мағыналарымен түсіндіріледі [20; 211]. Ал қыпшақтардың өзі қазақ халқының қалыптасуына негіз болған көне тайпа [21; 67]. Олардың рухани және материалдық мұрасы қазіргі қазақ ғылымынан орын алады. Сонымен мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері қазіргі қазақ тілінің дамуының тарихи кезеңінде маңызы бар. Осыған дейінгі ғылыми тұжырымдарда қазақ тілінің ауызша нормаланған әдеби тіл ретіндегі қырына басымдық беріліп, тіл тарихындағы жазба мұралардың қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы өз деңгейінде зерттелмей келді. Мақала мазмұнында аталған «Гүлістан бит түрки» және «Мүңйетүл-гүзат» ескерткіштері орта ғасырлардағы қыпшақтарға тиесілі болып, сөздік қоры қазіргі қазақ тілінің тарихи лексикасын құрайды. Қыпшақ кезеңіне қатысты тарихи лексиканың қазіргі қазақ тіліне қатысына қарай, мағынасы сақталған сөздер, мағыналық тұрғыдан өзгеріске ұшыраған сөздер, қазіргі лексикада сақталмаған сөздер деп қарастыруға болады.

Қыпшақ жазба ескерткіштері, сонымен қатар мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері қазақ әдеби тілінің тарихы, тарихи лексикология, қыпшақтану сияқты курстар негізінде жоғары оқу орындарында қазақ тіл білімі саласында арнайы оқытылуы тиіс деп есептейміз. Ол қазіргі қазақ тілінің негізін түсінуге, тілдің даму эволюциясын, лексикалық өзгерістер себебін көре білуге, тілдік тарихи санасын қалыптастырып, кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектеседі. Бұл саладағы белгілі болған мәселелер де біршама анықталды. Мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері араб жазуымен берілгендіктен, мәтіндер белгілі болғанымен, ғылыми айналымға түгел енбей отыр. Олардың аударылмауы, сөздік қорының талданбауы, қыпшақ тілі сөздігінің жасалмауы сияқты себептері де бар. Осы орайда олардың латын жазуына транслитерациялануы бұл процестерді жеделдетеді алады. Сонымен қоса қолданысқа енген «Тарихи мәтіндердің тарихи сыры» (вариативті компонент бойынша білім беру бағдарламасы) білім алушылардың танымдық әрі тілдік тұрғыдан мәмлүк қыпшақ мәтіндерін меңгерте алады. Аталған ескерткіштер қазақ тілінің тарихи мұралары ретінде саралануы тиіс.

*Қаржыландыру*

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Сабыр М. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеудің өзекті мәселелері / М.Сабыр // Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері аясында Кимек мемлекетінің 1100 жылдығына арналған «Еуразия қыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері» Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. — Астана, 2013. — 188–197-б.
- 2 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі / Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов. — Алматы: «Мектеп», 1971. — 276 б.
- 3 Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы / М. Сабыр. — Алматы: «Liber», 2021. — 464 б.
- 4 Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері / Е. Есбосынов. — Астана: «Ер-Дәулет», 2006. — 240 б.
- 5 Сабыр М. Қыпшақтану / М. Сабыр. — Алматы: «Liber», 2021. — 256 б.
- 6 Дүйсенов Б.Д. Түркі тілінің жарқыраған інжу-маржаны / Б.Д. Дүйсенов. — Астана: «Центр Элит», 2023. — 256 б.
- 7 Fazylzhanova A. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language / A. Fazylzhanova, A. Seitbekova, G. Kobdenova, A. Seidamat, G. Ayazbayev // Lodz Papers in Pragmatics. — 2025. — Vol. 21, № 1. — P. 169–191.
- 8 Түймебаев Ж. Алтайстиканың тарихи-лингвистикалық негізі / Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда. — Алматы: «Қазығұрт», 2015. — 408 б.
- 9 Кенжалин К.К. Мәмлүк қыпшақтары мәтіндерінде өсімдік атауларының берілуі («Ки-таб-и межму-и тержуман-и турки ве ажеми ве мугали» еңбегі негізінде) / К.К. Кенжалин, Г.А. Бегимова, Б.Р. Құлжанова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркология сериясы. — 2022. — № 4 (141). — 217–223-б. DOI: 10.32523/2616-6887/2022-141-4-217-224
- 10 Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы / Р. Сыздықова. — Алматы: Ел-шежіре. — Т. 4: Сөздер сөйлейді. Сөздердің қолданылу тарихынан: қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар: ғылыми-танымдық зерттеу. — 2014. — 412 б.
- 11 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы / Ә. Қайдар. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. — 520 б.
- 12 Әлібекұлы А. Мәмлүктер кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті / А. Әлібекұлы. — Алматы: «Арда», 2008. — 176 б.
- 13 Сәки Қ. Қыпшақ мәмлүктер / Қ. Сәки. — Астана: «Фолиант», 2006. — 464 б.
- 14 Гаркавец А.Н. Книга-и Маджму-и Тарджуман-и Турки ва Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / А.Н. Гаркавец, О.О. Туякбаев. — Алматы: «Баур», 2019. — 600 с.
- 15 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. / Ә. Қайдар. — Алматы: «Ана тілі», 1998. — 304 б.
- 16 Құрышжанұлы Ә. Ескі қыпшақ тілі / Ә. Құрышжанұлы, Б.Е. Көмеков, С.Ж. Дүйсен. — Алматы: «Өркен», 2007. — 300 б.
- 17 Kenzhalin K.K. Eastern and western linguocultural Map: Similarities and Peculiarities [Electronic resource] / K.K. Kenzhalin, D. Satemirova, Zh. Konyratbayeva, B. Abdualiyul // International Journal of Society, Cultural and Language. — 2021. — 4. — 85–97. — Access mode: [https://www.ijscs.net/article\\_246570\\_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf](https://www.ijscs.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf)
- 18 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты / Ж.А. Манкеева. — Алматы: «Ғылым», 1997. — 272 б.
- 19 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Б. Қалиев. — Алматы, 2014. — 728 б.
- 20 Қайыржан К. Сөз — сандық: Қазақтың көне сөздері / К. Қайыржан. — Алматы: «Өнер», 2013. — 480 б.
- 21 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік [3 томдық] / Ә. Қайдар. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. — Т. 2: Қоғам. — 728 б.

Н.К. Шалғынбай, К.К. Кенжалин

### Методологические и теоретические основы преподавания лексики языка мамлюкских кипчаков

Казахский язык имеет длительную историю развития. В истории формирования и развития языка важное место занимает кипчакский период. Кипчакский язык — исторический язык, широко использовавшийся в Средние века на территории Евразии. Одним из наглядных доказательств формирования казахского языка на основе кипчакского является его лексический фонд. В настоящее время в казахском языкознании возрастает интерес к изучению кипчакского периода в истории языка. Письменные памятники кипчакского языка сохранились в различных географических регионах и представлены в разной графике. Это было тесно связано с историческим, культурным, военным и экономическим влиянием кипчаков. В силу исторических причин переселившиеся кипчаки оказывали значительное влияние в местах своего проживания, в результате чего создавались труды и произведения на кипчак-

ском языке. Сохранились также произведения, переведённые на кипчакский язык. Большинство из них было создано на территории Египта в период господства мамлюкских кипчаков. По своему содержанию данные тексты охватывают различные тематические направления и были зафиксированы арабской графикой. В казахском языкознании ведётся работа по систематизации письменных памятников, связанных с кипчаками, их переводу и научному анализу. Несмотря на то что исследования охватывают длительный временной период и широкий круг вопросов, письменные памятники на кипчакском языке до настоящего времени изучены не полностью. Ряд источников исследован всесторонне, тогда как некоторые рассматриваются лишь в рамках отдельных статей и обзорных работ. Имеются также памятники, которые известны только по названию, но не были изучены, а также источники, местонахождение которых до сих пор не установлено. Введение данных материалов в научный оборот позволит дополнить историю казахского литературного языка новыми фактологическими данными. Возрастает научно-познавательная значимость изучения кипчакского наследия для будущих специалистов в области казахской лингвистики, а также для обучающихся высших учебных заведений в рамках элективных курсов. Традиционно преподавание казахского языка ограничивалось преимущественно структурно-лингвистическим аспектом. Письменные памятники кипчакского языка позволяют глубже осмыслить историческую фонетическую, грамматическую и лексическую систему казахского языка. В процессе изучения лексики кипчакских памятников, зафиксированных арабской графикой, выявляется ряд актуальных проблем. По данным направлениям необходимо проведение системной научной работы и представление кипчакской лексики, отражённой в арабской письменности, научному сообществу. Подавляющее большинство лексических единиц кипчакского языка сохранилось в современном казахском языке. Кипчакский язык является не только исторической основой казахского языка, но и одним из ключевых факторов его формирования. Обосновывая актуальность заявленной темы, в статье анализируются методологические и теоретические основы преподавания лексики исторических текстов в качестве элективного курса для студентов языковых специальностей высших учебных заведений и учащихся школ. По результатам исследования формулируются научно обоснованные выводы и даются практические рекомендации.

*Ключевые слова:* кипчакский язык, письменные памятники кипчакского языка, лексика, историческая лексика, исторические тексты на арабской графике, методика преподавания, элективный курс, современный казахский язык.

N.K. Shalgynbay, K.K. Kenzhalin

## Methodological-theoretical Foundations for Teaching the Lexicon of the Mamluk Kipchak Language

The Kazakh language has a long history of development. An important place in the formation and evolution of the language is occupied by the Kipchak period. The Kipchak language is a historical language that was widely used across Eurasia during the Middle Ages. One of the most evident proofs that the Kazakh language was formed on the basis of the Kipchak language is its lexical stock. At present, Kazakh linguistics is showing increasing interest in the study of the Kipchak period in the history of the language. Written monuments of the Kipchak language have been preserved in various geographical regions and are represented in different writing systems. This was closely connected with the historical, cultural, military, and economic influence of the Kipchaks. Due to historical circumstances, the Kipchaks who migrated exerted significant influence in their new places of settlement, which led to the creation of scholarly works and literary texts in the Kipchak language. Works translated into the Kipchak language have also been preserved. The majority of these texts were produced in Egypt during the period of dominance of the Mamluk Kipchaks. In terms of content, these texts cover a wide range of thematic areas and were recorded using Arabic script. In Kazakh linguistics, systematic efforts are being made to classify written monuments related to the Kipchaks, as well as to translate and analyze them. Despite the fact that research covers an extensive time span and a wide range of issues, written monuments in the Kipchak language have not yet been fully studied. Some sources have been comprehensively examined, whereas others have only been addressed within the framework of individual articles and review studies. There are also monuments that are known only by name but have not been studied, as well as sources whose whereabouts remain unknown. Introducing these materials into scholarly circulation will contribute to enriching the history of the Kazakh literary language with new factual data. The scientific and educational significance of studying Kipchak heritage is increasing for future specialists in Kazakh linguistics, as well as for students in higher-education institutions within the framework of elective courses. Traditionally, the teaching of the Kazakh language has been largely limited to a structural-linguistic perspective. Written monuments of the Kipchak language make it possible to gain a deeper understanding of the historical phonetic, grammatical, and lexical systems of the Kazakh language. In the process of studying the vocabulary of Kipchak monuments preserved in Arabic script, a number of pressing issues are identified. Addressing these issues requires systematic scholarly work and the presentation of Kipchak lexicon recorded in Arabic writing to the academic community. The vast majority of lexical units of the Kipchak language have been preserved in the modern Kazakh language. The Kipchak language is not only the historical foundation of the Kazakh language but also one of the key factors in its formation. By substantiating the relevance of the

topic, the article analyzes the methodological and theoretical foundations for teaching the vocabulary of historical texts as an elective course for students of language-related specialties in higher-education institutions and for school students. Based on the results of the study, scientifically grounded conclusions are drawn and practical recommendations are provided.

**Keywords:** Kipchak language, Kipchak written monuments, lexicon, historical lexicon, historical texts in Arabic script, teaching methodology, elective course, modern Kazakh language.

## References

- 1 Sabyr, M. (2013). Kone qypshaq zhazba eskertkishterin zertteudin ozekti maseleleri [Actual problems of studying the monuments of the ancient Kipchak script]. *Turki zhazbalary men madenieti kunderi aiasynda Kimek memleketinin 1100 zhyldygyna arnalgan «Euraziia qypshaqtary: tarikh, til zhane zhazba eskertkishteri» Khalyqaralyq gylmi konferentsiasy materialdarynyn zhinagy — The collection of materials International Conference “The kipchaks of Eurasia: history, language, and written records” dedicated to the 1100th anniversary of Kimeks State in the Days of Turkish Literature and Culture* (pp. 188–197). Astana [in Kazakh].
- 2 Aidarov, G., Quryshzhanov, A., & Tomanov, M. (1971). *Kone turki zhazba eskertkishterinin tili* [The Language of Ancient Turkic Written Monuments]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 3 Sabyr, M. (2021). *Kone qypshaq tili men qazaq tilinin fono-morfo-semantikalyq sabaqtastygy* [Phono-morpho-semantic Continuity of the Old Kipchak Language and the Kazakh Language]. Almaty: “Liber” [in Kazakh].
- 4 Esbosynov, E. (2006). *Eski qypshaq tilinin leksika-grammatikalyq erekshelikteri* [Lexical and Grammatical Features of the Old Kipchak Language]. Astana: “Er-Daulet” [in Kazakh].
- 5 Sabyr, M. (2021). *Qypshaqtanu* [Kipchak Studies]. Almaty: “Liber” [in Kazakh].
- 6 Duisenov, B.D. (2023). *Turki tilinin zharqyragan inzhu-marzhany* [The Shining Pearl of the Turkic Language]. Astana: “Tsentr Elit” [in Kazakh].
- 7 Fazylzhanova, A., Seitbekova, A., Kobdenova, G., Seidamat, A., & Ayazbayev, G. (2025). The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language. *Lodz Papers in Pragmatics*, 21(1), 169–191.
- 8 Tuimebayev, Zh., & Sagidolda, G. (2015). *Altaistikanyñ tarikhilingvistikalıyq negizi* [Historical and Linguistic Basis of Altaic Studies]. Almaty: Qazygurt [in Kazakh].
- 9 Kenzhalin, K.K., Begimova, G.A., & Kulzhanova, B.R. (2022). Mamluk qypshaqtary matinderinde osimdik ataularynyn berilui («Ki-tab-i mezhu-i terzhuman-i turki ve azhemi ve mugali» enbegi negizinde) [Presentation of plant names in Mamluk Kipchak texts (based on the work “Kitab-i mejmu-i terjuman-i turki ve ajemi ve mugali”)]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ulıtyq universitetinin khabarshysy. Saiasi gylymdar. Aimaqtanu. Shygystanu. Turkologiya seriiasy — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series*, 4(141), 217–223. DOI: 10.32523/2616-6887/2022-141-4-217-224 [in Kazakh].
- 10 Syzdyqova, R. (2014). Koptomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. *T. 4: Sozder soileidi. Sozderdin goldanylu tarikhynan: qazaq tilindegi eskilikter men zhanalyqtar: gylmi-tanymdyq zertteu — Vol. 4: words speak. From the history of the use of words: antiquity and novelty of the Kazakh language: a scientific and cognitive study*. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 11 Kaidar, A. (2014). *Gylymdady gumyr. Maqalalar, baıandamalar zhinagy* [A Life in Science. Collection of Articles and Reports]. Almaty: “Sardar” baspa uii [in Kazakh].
- 12 Alibekuly, A. (2008). *Mamlukter kezindegi turki-qypshaq adebieti* [Turkic-Kipchak Literature During the Mamluk Period]. Almaty: “Arda” [in Kazakh].
- 13 Saki, K. (2006). *Qypshaq mamlukter* [Kipchak Mamluks]. Astana: “Foliant” [in Kazakh].
- 14 Garkavets, A.N., & Tuiakbaev, O.O. (2019). *Kitab-i Madzhu-i Tardzhuman-i Turki va Adzhami va Mugali va Farsi. «Svodnaia kniga perevodchika po-tiurkski, i po-persidski, i po-mongolski, i na farsi» Khalila bin Mukhammada bin Iusufa al-Kunavi* [Kitab-i Majmu-i Tarjuman-i Turki wa Ajami wa Mugali wa Farsi. “The Summary Book of the Translator in Turkic, Persian, Mongolian, and Farsi” by Khalil bin Muhammad bin Yusuf al-Kunawi]. Almaty: Baur [in Russian].
- 15 Kaidar, A. (1998). *Qazaq tilinin ozekti maseleleri* [Current Issues of the Kazakh Language]. Almaty: “Ana tili” [in Kazakh].
- 16 Kuryshzhanuly, A., Komekov, B.E., & Duisen, S.Zh. (2007). *Eski qypshaq tili* [Old Kipchak Language]. Almaty: Orken [in Kazakh].
- 17 Kenzhalin, K.K., Satemirova, D., Konyratbayeva, Zh., & Abdualiuly, B. (2021). Eastern and western linguocultural Map: Similarities and Peculiarities. *International Journal of Society, Cultural and Language*, 4, 85–97. (2021). [www.ijsc.net](https://www.ijsc.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf). Retrieved from [https://www.ijsc.net/article\\_246570\\_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf](https://www.ijsc.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf)
- 18 Mankeeva, Zh.A. (1997). *Madeni leksikanyn ulıtyq sipaty* [National Character of Cultural Vocabulary]. Almaty: Gylım [in Kazakh].
- 19 Kaliev, B. (2014). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. Almaty [in Kazakh].
- 20 Kaiyrzhan, K. (2013). *Soz — sandyq: Qazaqtyn kone sozderi* [Word — Chest: Ancient Kazakh Words]. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 21 Kaidar, A. (2013). *Qazaqtar ana tili aleminde: etnolingvistikalıyq sozdik* [Kazakhs in the World of Mother Tongue: Ethnolinguistic Dictionary]. Vols. 1-3. Vol. 2. Qogam — Society. Almaty: “Sardar” baspa yii [in Kazakh].

Information about the authors

**Shalgynbay Nurbek Kaigaliuly** — Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: [shalgynbai\\_nurbek@list.ru](mailto:shalgynbai_nurbek@list.ru); ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3944-4197>

**Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich** — PhD, Associate Professor of Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: [k.kenzhalin@gmail.com](mailto:k.kenzhalin@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0440-7556>